



Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B011000	«Физика»	1. Педагогика 2. Физиканы оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Психология және адам дамуы

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Физиканы оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Психология және адам дамуы

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Педагогиканың бөлімдері:

- A) Педагогикалық үдерістің негіздері
- B) Тұлға теориясының негіздері
- C) Білім беру жүйесін басқару
- D) Философияның жалпы негіздері
- E) Дүниетаным негіздері

2. Жеке тұлғаға бағытталған білім берудің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеген ғалымдар:

- A) Л.В. Занков
- B) Р.Г. Лемберг
- C) К. Роджерс
- D) Е.В. Бондаревская
- E) И.С. Якиманская

3. Оқу-тәрбие процесінде тиімді ұйымдастыру үшін педагогтың басшылыққа алатын темперамент түрлері:

- A) Физиологиялық
- B) Биологиялық
- C) Сангвиникалық
- D) Холерикалық
- E) Флегматикалық, меланхоликалық

4. Педагогикалық зерттеулердің дәстүрлі әдістері:

- A) Бақылау
- B) Арнаулы
- C) Математикалық өңдеу
- D) Сауалнама
- E) Статистикалық өңдеу
- F) Кибернетикалық өңдеу

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) ой қабілеттерін дамыту
- B) мемлекетке деген құрмет сезімін қалыптастыру
- C) эстетикалық талғамды және сезімді дамыту
- D) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- E) еңбек қабілеттілігін арттыру
- F) ғылыми дүниетаным қалыптастыру

6. Тәрбиенің мақсаты:

- A) Жеке тұлғаның наным сенімін қалыптастыру
- B) Тәрбиені гуманитарландыру
- C) Педагогикалық процесте тәрбие ісін жүргізу
- D) Адамды жан-жақты дамыту
- E) Қоғамның мүддесімен сәйкес болуы
- F) Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы

7. Педагогика ғылымының салалары:

- A) Мектепке дейінгі педагогика, әскери педагогика, педагогика тарихы
- B) Арнайы педагогика, түзету педагогикасы
- C) Психологиялық педагогика, физиологиялық педагогика
- D) Жалпы педагогика, жасөспірімдер педагогикасы, педагогика
- E) Жоғары мектеп педагогикасы, медициналық педагогика, арнайы педагогика
- F) Түзету педагогикасы, ақпараттық педагогика
- G) Акмеология, білім беру педагогикасы

8. Басқару стилі бойынша:

- A) қоғамдық
- B) авторитарлық
- C) отбасылық
- D) либералдық
- E) демократиялық
- F) діни
- G) адамгершілік

9. Тұлға дамуының макрофакторларының бірі:

- A) этнос
- B) діни ұйымдар
- C) мемлекет
- D) тәрбие институттары
- E) мәдениет
- F) тұратын аймағы

10. Тәрбие жұмыстары төмендегі аталған тәрбиелік іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

- A) Ұйымдастырушылық
- B) Бақылаушылық
- C) Ақпараттық
- D) Қоғамдық
- E) Дамытушылық

11. Ұжымның өзіндік маңызды белгілері:

- A) Жалпы әлеуметтік мәнді мақсаттың болуы
- B) Бірлескен ортақ іс-әрекет болуы
- C) Қарама-қарсы жауаптарға тәуелділік
- D) Ұжымдық дәстүрдің болуы
- E) Өзіндік мәнді мақсат

12. Сыныптағы тәрбие жүйесінің кезеңдері:

- A) Жүйенің қалыптасуы
- B) Оқушылар ұжымын зерттеу
- C) Жүйенің дамуы
- D) Жүйені лайықты тәртіп бойынша қалыптастыру
- E) Ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын жоспарлау
- F) Оқушылардың өзара қарым-қатынасын зерттеу
- G) Жүйені қалыптастыруда сынып жетекшісінің басқарушылық рөлі

13. Тәрбиеде ата-аналардың жіберетін негізгі қателіктері:

- A) Педагогикалық сауатсыздық
- B) Мектеп пен жанұяның ынтымақтастығы
- C) Лайықты тәртіпті қалыптастырмау
- D) Мінез-құлық ерекшеліктері
- E) Тәрбиелік іс-әрекеттің жүйесіздігі

14. Оқыту ұстанымдары:

- A) Болжамдылық
- B) Мазмұндық
- C) Басқарушылық
- D) Қол жетімділік
- E) Әдістемелік
- F) Көрнекілік
- G) Ұйымдастырушылық

15. Білім беру стандарты:

- A) Білім беру нормаларын анықтайды
- B) Міндетті білім берудің негізгі құжаты
- C) Оқу жоспарларын қолданады
- D) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
- E) Білім беру сапасын анықтайды
- F) Білім беру саласын қамтиды
- G) Оқыту деңгейін айқындайды
- H) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды

16. Дидактикалық мақсаттарға байланысты сабақ түрі:

- A) Диктант сабағы
- B) Біліктілікті қалыптастыру
- C) Факультатив
- D) Қосымша сабақ
- E) Аралас сабақ
- F) Өткен материалды қайталау, пысықтау
- G) Жаңа білімді меңгеру

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Баламалы оқулықтардың қосылуы үшін
- B) Нәтижелілік деңгейін арттыру үшін
- C) Философиялық негізін қалыптастыру үшін
- D) Тәжірибе меңгерудің ғылыми мінездемесі
- E) Білім сапасын арттыру үшін
- F) Жаңалықтар енгізу үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің мынадай белгісі бар:

- A) Жалпы іс-әрекеттің жоспары болуы
- B) Жалпы нәтижелердің болуы
- C) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- D) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- E) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушы өзіндік білімін көрсете алуы

19. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру үдерісі қажет етеді:

- A) Басқаруды
- B) Оқу жоспарын
- C) Бағыттауды
- D) Бақылауды
- E) Жүйелеуді
- F) Оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесін анықтауды
- G) Диагностикалауды

20. Қалыптастырушы тұғырдағы тәртіп үлгісі:

- A) Қайталау
- B) Түсіндіру
- C) Үлгі көрсету
- D) Бағалау
- E) Есте сақтау
- F) Жаттығу
- G) Мақсаттылық

21. Дидактикада оқыту технологиялары жіктелетін сипаттар:

- A) Нәтижелілік деңгей
- B) Қолдану деңгейі
- C) Тәжірибені меңгерудің ғылыми сипаттамасы
- D) Әдіснамалық деңгей
- E) Әдістемелік негіз
- F) Психологиялық негіз
- G) Теорияны меңгерудің ғылыми сипаттамасы

22. Жалпы білім беретін бағдарламалар бағытталады:

- A) Оқушының оқу-тәрбие үдерісіндегі қиындықтарын шешуге
- B) Оқушының оқу үлгерімін қадағалауға
- C) Жеке адамның әлеуметтік жағдайына
- D) Жеке адамның болашағын қалыптастыруға
- E) Оқушының кәсіптік таңдауын шешуге
- F) Жеке адамның қоғам мен өмірге бейімделуін қамтамасыз етуге

23. Жылдық оқу-тәрбие жұмысы жоспарының құрылымы:

- A) Кіріспе
- B) Тоқсандық жұмыстарды талдау
- C) Әдебиеттерді талдау
- D) Жоспарды құруға талаптар
- E) Зерттеу жұмысының нәтижелерін көрсету
- F) Өткен жылды талдау

24. Ұжымның жағымды әлеуметтік психологиялық жағдайын жасайды:

- A) Ашық қарым-қатынас
- B) Эмоционалдық қарым-қатынас
- C) Экономикалық қарым-қатынас
- D) Сын тұрғысынан қарау
- E) Құқықтық қарым-қатынас
- F) Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас

25. Мұғалімдерді аттестациялаудың мақсаты:

- A) Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру
- B) Педагогтардың кәсіби сәйкестілігін аңғару
- C) Тұлғаның әлеуметтік деңгейін жоғарылату
- D) Оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру
- E) Ақыл ойын дамыту
- F) Шығармашылықты дамыту

Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Физиканы оқыту әдістемесі

1. Физиканы оқыту әдістемесі жауап беретін сұрақ:

- A) Неге оқыту
- B) Кімді оқыту
- C) Кім үшін оқыту
- D) Қаншалықты оқу
- E) Не үшін оқыту
- F) Кім оқытады
- G) Кімге оқу

2. Оқушылардың қатыстырылуымен сыныптан тыс жасалатын жұмыстар:

- A) Геометриялық алгоритмдік жұмыстар
- B) Конференция
- C) Теориялық жұмыстар
- D) Конкурс
- E) Диктант жұмыстары

3. Сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырудың кең тараған дәстүрлі формалары:

- A) Бағдарламадан тыс экскурсия
- B) Үйірме
- C) Апталық
- D) Ғылыми қоғам секциясы
- E) Кеш
- F) Олимпиада

4. Демонстрациялық тәжірибелерге қойылатын талап:

- A) Тәжірибе айқындығы
- B) Қызықты
- C) Қысқа мерзімді
- D) Тереңдетілген
- E) Қиын

5. Кез келген зертханалық жұмысты жүргізу негізгі міндетті кезеңдері тұрады:

- A) Сызба сызу
- B) Дайындық
- C) Теориясын дәптерге жазу
- D) Кесте сызу
- E) Есептеу

6. Техникалық оқу құралдары түрлері:

- A) Экранды дыбысты
- B) Радио
- C) Магнитофон
- D) Интерактивті тақта
- E) Дербес компьютер
- F) Көрнекілік

7. Телекоммуникациялық желінің қатарына:

- A) Телефон желілері
- B) Жүйелік түйін
- C) Винчестер
- D) Теледидар желісі
- E) Сканер

8. Физикалық есептердің берілу тәсіліне қарай негізгі түрлері:

- A) Механикалық
- B) Тақырыптық
- C) Тәжірибелік
- D) Зертханалық
- E) Эксперименттік
- F) Дидактикалық

9. Физикалық есептерді шешу кезеңі:

- A) Халық аралық бірліктер жүйесіне аудару
- B) Берілгендерді жазу
- C) Зертханалық сабақтарда
- D) Физика сабақтарында
- E) Мектептен тыс сабақтарда
- F) Экскурсия сабақтарында

10. Тербеліс периоды 2с болатын маятник ұзындығы:

- A) 100 см
- B) 10дм
- C) 0,01 см
- D) 1 дм
- E) 1м

11. Оқушылардың білімін ауызша тексеру түрі:

- A) Сынақ алу
- B) Физикалық диктант
- C) Бір мезгілде 2-3 оқушыдан сұрау
- D) Эксперимент
- E) Бақылау жұмысы
- F) Жеке дара сұрау

12. Физика есебінің классификациялануы (топтастырылуы):

- A) Мазмұны
- B) Шығару әдістемесі
- C) Талдау жасауы
- D) Қайталау кезеңі
- E) Шешімі
- F) Берілу тәсілі

13. Түзу сызықты бірқалыпты үдемелі қозғалыс кезінде:

- A) Жылдамдық және үдеу векторларының проекциялары бірдей
- B) Үдеу шамасы нольге тең
- C) Жылдамдық және үдеу векторларының проекцияларының бағыттары қарама қарсы
- D) Үдеу шамасы нольден артық
- E) Үдеу шамасы нольден кем
- F) Жылдамдық бірқалыпты артады
- G) Жылдамдық бірқалыпты кемиді

14. Динамика бөлімінде қарастырылатын ұғым:

- A) Күш
- B) Бұрғы ережесі
- C) Траектория
- D) Ньютон заңдар
- E) Жылдамдық
- F) Толық энергияның сақталу заңы
- G) Денелердің өзара әсері

15. Ньютонның үшінші заңынан шығатын тұжырымдар:

- A) \vec{F}_1 және \vec{F}_2 күштердің табиғаты бір
- B) Ешқашан тек бір ғана күштің әсері бақыланбайды
- C) \vec{F}_1 және \vec{F}_2 күштерді теңдігі денелердің тыныштық күйінен байланысты болады
- D) \vec{F}_1 және \vec{F}_2 күштердің табиғаты әртүрлі
- E) Материалдық денелерге байланыспаған күштер жоқ

16. Физиканың негізгі сатысында оқытылатын физикалық шама:

- A) Фотон
- B) Жылдамдық
- C) Инерция моменті
- D) Лоренц түрлендірілулері
- E) Импульс моментінің сақталу заңы

17. Импульстің сақталу заңы:

- A) Жылу процестері жоғары температурадағы жүйеден, температурасы төменге бағытталады
- B) Сыртқы күштердің қосындысының координат осіндегі проекциясы 0-ге тең болса, берілген осьте импульс қосындыларының проекциясы сақталады
- C) Жүйеге берілген жылу мөлшері ішкі энергияның өзгерісіне тең
- D) Газ молекулаларының жылдамдықтары бойынша таралуы
- E) Кеңістіктің біртектігі
- F) Біртекті зарядталған денелер тебіледі
- G) Тұйық жүйеге енетін денелер импульстарының векторлық қосындысы тұрақты

18. Сәулелік оптика заңдары:

- A) Комптон эффектісі
- B) Стефан-Больцман
- C) Жарық шоқтарының тәуелсіздік заңы
- D) Вин заңы
- E) Жарықтың шағылу және сыну заңдары

19. Фотоэффект түрлері:

- A) Вентильдік
- B) Сыртқы
- C) Спиральдік
- D) Ішкі
- E) Кері
- F) Жанама
- G) Серпімділік

20. Қоғамдық – гуманитарлық бағдарлы мектепте «Молекула кинетикалық теория негіздері» тарауында оқытылады:

- A) Идеал газ қысымы
- B) Қаныққан бу
- C) Молекулалық массасы мен өлшемі
- D) Молекула кинетикалық теория негізінде жатқан теориялар
- E) Қанықпаған бу
- F) Булану және конденсация

21. Статистикалық физиканың классикалық теориясының құрылымын өз еңбектерінде қарастырған ғалымдар:

- A) Энштейн
- B) Лауэ
- C) Габор
- D) Максвелл
- E) Рэлей
- F) Томсон
- G) Больцман

22. Өзіндік және бақылау жұмыстарының мазмұнын құрайтын сатылар:

- A) Индуктивтік
- B) Аналитикалық
- C) Дидактикалық
- D) Эксперименттік
- E) Оқу процесіне тиісті түзетулер енгізу
- F) Иллюстративті
- G) Дедуктивті

23. Бүкіл әлемдік тартылыс күші үшін формуланы қолдануға болатын жағдай:

- A) Стол үстінде жатқан кітап пен столды қарастырғанда
- B) Өткеншекте тербеліп тұрған бала мен өткеншекті қарастырғанда
- C) Күн мен Айдың өзара әсерлесуін қарастырғанда
- D) Жер радиусына тең биіктікте дөңгелек орбита бойымен қозғалатын жер серігін қарастырғанда
- E) Қатар тұрған биік ғимарат
- F) Бірінің үстіне бірі жатқан кірпіштерді қарастырғанда

24. Зарядтың инварианттығын дәлелдейтін құбылыстар:

- A) иондардың зарядталуы
- B) заряд шамасының өзгеретіндігі
- C) қызған металдардың зарядталмайтындығы
- D) иондалған атомдар мен молекулалардың бейтараптығы
- E) атомдардың иондалуы
- F) иондалмаған атомдар мен молекулалардың бейтараптығы
- G) зарядты бөлшектердің жылдамдығын үлкен мәндерге дейін өсіргенде оның заряд шамасының өзгермейтіндігі

25. Электромагниттік өріс пен затты ажырататын қасиеттер:

- A) Белгілі аймақта бір мезгілде екі зат болуы мүмкін емес, ал белгілі бір аймақта бірнеше өрістер бола алады
- B) Белгілі аймақта бір мезгілде екі зат, бірнеше өрістер болуы мүмкін емес
- C) Белгілі аймақта бір мезгілде екі зат, бірнеше өрістер бола алады
- D) Заттан тұратын нысаналар бір-бірімен тікелей әсерлесе алады
- E) Заттан тұратын нысаналар бір-бірімен тікелей әсерлесе алмайды
- F) Затқа қарағанда өрістің белгілі бір тарау аймағын көрсету мүмкін емес

**Физиканы оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Жеке тұлғаның тәрбиесіне әсер ететін әдістер:

- A) тәрбие іс-шараларының жүйелі түрде жүргізілуі
- B) оқушының бауырларымен әңгіме
- C) бағаны көтермелеп қою
- D) отбасының жеке мүшелерімен жұмыс
- E) ата-анамен жұмыс
- F) баланың бос уақытында толық демалуы
- G) мектеппен байланыс

2. Әңгіме әдісі:

- A) Жаттығу
- B) Оқушылардың бір-біріне мінездеме жазуы
- C) Жазбаша бақылау
- D) Дидактикалық ойын
- E) Баяндау
- F) Адамдардың өзінен және қоршаған адамдардан мәліметтер алу

3. Педагогикалық қолдау көрсетудің мәні:

- A) Баланың бойында бар оң қасиеттерді бекіте түсу
- B) Баланың педагог конгруэнттігін қабылдауы мен эмпатиясын сезінуі
- C) Педагог пен ата-ананың арасында көмек көрсету
- D) Баланың эмпатиялық түсінуі, жаны ашу, есіркеу, ниет білдіруі
- E) Педагог өзінің кім екенін екенін ұмытпауы
- F) Басқа біреуге сенімділік дарыту
- G) Дамуына кедергі келтіретін қиындық, жүк болып жүргендерінен арылуға жәрдемдесу

4. Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны бойынша қалыптасатын қасиеттер:

- A) Әдептілік
- B) Елжандылық
- C) Ес, қиял
- D) Ақыл-ой деңгейін көтеру
- E) «Еңбек ету - менің ең бірінші қажеттілігім» деп сезінуге үйрету

5. Тәрбие жоспарына қойылатын негізгі талаптар:

- A) Тәрбие жоспарының мақсаты, міндеттері айқын болсын
- B) Ата-аналармен байланыс орнату
- C) Тәрбие жоспары ықшамды және көрсетілген шаралар орындалатын болсын
- D) Тәрбие жұмысының нәтижесін талдау
- E) Сынып белсенділерін сайлау
- F) Сынып жайлы мәлімет беру
- G) Оқушылардың тәртібін реттеу

6. Сынып жетекшісінің негізгі қызметі:

- A) Сынып ұжымын құру және тәрбиелеу
- B) Жарыстыру
- C) Тәрбиелеу
- D) Старостамен жұмыс
- E) Оқушыларды және сынып ұжымын зерттеу

7. Ұжымдық тәрбие берудегі сынып жетекшісінің қызметтері:

- A) Тәртіптілік
- B) Диагностикалық
- C) Мадақтау мен жазалау
- D) Марапаттау
- E) Емдеу сауықтыру

8. «Қиын балалар», «тәрбиесі қиын», «педагогикалық қалып қалу» түсініктерін зерттеген ғалымдар:

- A) К.Д. Ушинский, П.Ф. Каптерев
- B) П.П. Блонский, Н.В. Мясищева
- C) С.Т. Шацкий, В.А. Сухомлинский
- D) М. Булянов, С.А. Беличева
- E) Н.К. Крупская, П.П. Блонский
- F) Л.С. Выготский, В.П. Кащенко

9. Авторитарлық тәрбие:

- A) Тұлғаның дамуын тежеу
- B) Қалайда лидерлікке ұмтылу
- C) Өзінің адамгершілігін сезіндіру
- D) Тұлғаны басу
- E) Оқушылардың оқуға, үйдегі және қоғамдық орындардағы тәртіпке еркін қарауы
- F) Баланың бас бостандығы

10. Педагогикадағы тәрбие принциптері:

- A) Тәрбие барысында шешілуге қажетті міндеттер
- B) Әрекетті жан-жақты ойластыру
- C) Тәрбие ықпалдарының тізбектестігі, жүйелілігі, беріктілігі және үздіксіздігі
- D) Тәрбиенің идеялылығы мен мақсаттылығы
- E) Тәрбие ережелерінің жиынтығы
- F) Батылдылық

11. Тәрбиелеу және оқыту үдерістерінің ұқсастығы:

- A) Әрекет үдерісінде тұлға дамуына әдістеме ұсыну
- B) Оқыту үдерісінде оқытушы оқушыға тәрбиелеу әсерін жүргізеді
- C) Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуі
- D) Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әрекеті
- E) Бақылау және түсіндіру әдісін қолданады

12. Тәрбиенің қоғамдық мәні:

- A) Басшылыққа алынатын мәселе
- B) Жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал
- C) Қоғамның пайда болуына тән қасиет
- D) Кең мағынада алғанда қандай да болса, бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз
- E) Ережелер жүйесі
- F) Біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал етеміз

13. Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі:

- A) Мұғалімдер ұжымның өзара педагогикалық әрекетін қолдау
- B) Мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-қимыл жасау
- C) Баланы әртүрлі әлеуметтік қатынастарға қатыстыру
- D) Оқушының дара даму ерекшелігін танып-білу
- E) Адам баласында адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру
- F) Қоршаған ортасын танып-білу

14. Салауатты өмір салтын құруға қатысты дәрігерлердің берген кеңесі:

- A) Аяқты бір-біріне айқастырмау
- B) Сабақта ойын элементтерін пайдалану
- C) Күн сәулесін пайдалану
- D) Басты тік ұстау
- E) Мәдени орындарда өзінді дұрыс ұстау

15. Жалпы білім беретін мектепте ұйымдастырылатын кәсіптік бағдар және мамандық таңдау жұмысының кезеңдері:

- A) Сегізінші кезең – сыныптарда жүргізілетін кәсіптік бағдар
- B) Төртінші кезең – III сыныптарда
- C) Бесінші кезең – XII сыныптарда
- D) Жетінші кезең – I-XI сыныптарда
- E) Үшінші кезең – VIII, X-XI сыныптарда
- F) Екінші кезең – V-VII сыныптарда
- G) Алтыншы кезең – I-IX сыныптарда

16. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- A) Оқу және интеллектуалды еңбек мәдениетін қалыптастыру
- B) Баланың отбасына бару
- C) Оқушылардың қызығушылығын қолдау
- D) Педагогикалық жаппай оқытуды ұйымдастыру
- E) Мектептерге материалдық жағынан көмек көрсету
- F) Оқушыларға тәрбиелік әсер етудің ұйымдастырылған түрі

17. «Атамекен» бағдарламасына еңбейтін бағыттар:

- A) «Құстар», «Балапандар»
- B) «Шаһар», «Жібек жолы»
- C) «Салт», «Домбыра»
- D) «Зергер», «Төрт түлік»
- E) «Шежіре», «Қасиет»
- F) «Наурыз»

18. Педагогикалық зерттеудің түрлері:

- A) Шыншылдық, демократиялық, ізгілік
- B) Жауапкершілік, шығармашылық, белсенділік
- C) Демократиялық, ашық қарым-қатынас, ынтымақтастық, дербестік, жауапкершілік
- D) Дербестік, айтқан сөзде тұру, сыпайлылық
- E) Қалыпты
- F) Лабораториялық
- G) Қалыптастырушы

19. Тәрбие үдерісінде арнайы қолданылады:

- A) Тәрбие әдістері
- B) Спорт ойындары
- C) Тұлға дамуының әлеуметтік жағдайы
- D) Тәрбие ұстанымдары
- E) Ойлау іс-әрекеттері
- F) Көңіл көтеру мерекелері
- G) Орта

20. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) тәрбие үдерісінің әдістемесіне
- B) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- C) мектеп Жарғысының мазмұнына
- D) тұқымқуалаушылыққа
- E) педагогтің шеберлігіне
- F) оқушының еңбекқорлығына

21. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) әңгіме
- B) мектептегі әдістемелік кеңес
- C) этикалық әңгіме
- D) тәрбиелік жағдаяттар
- E) пікірталас

22. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) тәрбие тұжырымдамасын жасау
- B) кештер
- C) ұсынылған кітаптарды оқып талдау
- D) сынып сағаты
- E) балалар лагері
- F) үйірмелер
- G) клубтар

23. Тәрбие, адамды сүйеге бағыттау төмендегі ұстанымдардың біртұтастығына байланысты:

- A) баланың еңбегі мен ісін бағалауына
- B) баланы жеке тұлға ретінде сыйлауына
- C) жаңа қоғамдық рөлді меңгеруіне
- D) ерік-жігердің бірлігіне
- E) балаға тұрақты дұрыс қатынасына

24. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) марапаттау
- B) мадақтау
- C) этикалық әңгіме талдату
- D) жарыстар өткізу
- E) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау

25. В.П. Тугаринов бойынша жеке адамның сапалық көрсеткіштері:
- A) Биологиялық ерекшеліктері
 - B) Даралық, қоғамдық белсенділік пен саяси-идеялық бағыт
 - C) Тәрбиені ұйымдастырушылық қасиеті
 - D) Тәрбие гуманизациясы
 - E) Саналылық, жауапкершілік
 - F) Тәрбие іс-әрекетіне араласуы
 - G) Тәрбиелік ықпалдар бірлігі

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Психология және адам дамуы

1. Біз бұрын қабылдаған заттар, құбылыстар, бейнелердің қайта ойша жаңғыртылуы:

- A) тану
- B) еске түсіру
- C) қабылдау
- D) ұғыну
- E) ойлау

2. Қызмет атқарушы мүше немесе бүкіл ағза күшінің іс-әрекет процесінде таусылуы:

- A) жалығу
- B) рефлекс
- C) тежелу
- D) қозу
- E) шаршау
- F) сезгіштік
- G) тітіркену

3. Әлеуметтенудің негізгі кезеңдері:

- A) жекелену, оқшаулау
- B) ажырау, жекелену
- C) даралану
- D) бейімделу
- E) ойлану
- F) ыңғайлану
- G) бірігу

4. Іс-әрекеттің түрлері:

- A) ойын
- B) әдет
- C) шартты
- D) шартсыз
- E) мінез-құлық

5. Жеке адамның биологиялық тума қасиеттері:

- A) мінез-құлық, қимыл-қозғалыс
- B) әдет-ғұрып, салт-дәстүр
- C) ойлау, қабылдау
- D) инстинкттер
- E) рефлекторлық қызмет
- F) темперамент

6. Дене мүшелерінің бір күйдегі қалпын, қозғалысын білдіретін түйсіктер:
- A) иллюзия
 - B) статикалық
 - C) вибрациялық түйсік
 - D) ет тарамыс, сіңірлердегі жүйкелерінің ұштарында орналасқан түйсіктер
 - E) кинестезиялық түйсік
 - F) адаптация
 - G) вибрациялық
7. Толып жатқан объектілердің ішінен біреуін іріктеуіміз:
- A) қабылдау тұтастығы
 - B) қабылдаудың таңдамалылығы
 - C) апперцепция
 - D) әрбір нәрсенің сапасын, қасиетін ерікті қабылдау
 - E) иллюзия
 - F) қабылдаудың мағыналылығы
8. Сөйлеудің түрлері:
- A) Ішкі
 - B) Реактивті
 - C) Активті
 - D) Монологтық
 - E) Диалогтық
9. Астениктің (әлжуа адамның) сипаттамасы:
- A) домалақ басты, көпшіл
 - B) тар иық, қол-аяғы серейген ұзын
 - C) бұлшық етті, дене бөліктері өзара сәйкес дамыған
 - D) кіші не орта бойлы, етшең
 - E) биік кеуделі, қарынды, қысқа мойын
10. Іс-әрекет барысында қалыптасатын зейін қасиеттері:
- A) Ырықсыздығы
 - B) Ырықтылығы
 - C) Көлемі
 - D) Асығыстығы
 - E) Үстірттігі
 - F) Алаңдауы
 - G) Тұрақтылығы

11. Тұлғаның біртұтас қасиеттері қорғаныс механизмдеріне жатады:

- A) фалликалық
- B) генитальды
- C) орнын баса тұру
- D) проекция
- E) гумертальді
- F) оральді
- G) гиритальді

12. Ойын іс-әрекетінің бала психикасының дамуына әсерін зерттеген ғалымдар:

- A) В.В. Давыдов
- B) Х.Т. Шерьязданова
- C) Д.Б. Эльконин
- D) А.С. Выготский
- E) А.А. Люблинская

13. Ж. Пиаженің генетикалық эпистемологиясын қалыптастыратын ғылым жиынтығы:

- A) Танымдық операциялар
- B) Индукция
- C) Әрекет схемасы
- D) Рефлексстер
- E) Ұғымдар

14. Л.С. Выготский бойынша өтпелі кезең негіздері:

- A) жасөспірімдік кезең
- B) тәрбие процесінің өзгерістері
- C) психикалық өзгерістер
- D) табиғи жыныстық жетілу
- E) әлеуметтік қарым-қатынас

15. Іс-әрекеттің айрықшаланатын ерекшеліктері:

- A) Ұйымдастырылуы
- B) Қорытындылауы
- C) Тақырыптары
- D) Келісулері
- E) Көлемі
- F) Есептеулері

16. Нәрестелік кезеңде балада есту әрекетінің көрінісі:

- A) 5 аптада
- B) Дыбысқа елендейді
- C) Анасының даусын таниды
- D) 16 аптада
- E) 4-6 апта кезеңінде дамиды
- F) Сәбилік жасында ерекшеленеді
- G) 3 апталық кезеңнен кейін

17. Сәбилік кезеңде баланың психикалық дамуының негізгі факторлары:

- A) Ойын іс-әрекеті
- B) Шығармашылық әрекеті
- C) Сөйлеу әрекетін меңгеру
- D) Оқу іс-әрекеті
- E) Заттық әрекеттер
- F) Жазу әрекеті
- G) Тік жүру

18. Ерте сәбилік кезеңде бала дамуының басты ерекшеліктері:

- A) Үйренуге деген құштарлық
- B) Индивидуалды даму шапшаңдығы
- C) Тәртіпке үйренуі
- D) Ойын белсендігі
- E) Қоршаған ортаны қабылдауы
- F) Қиялдай білуі
- G) Физикалық және психикалық дамуы

19. Л.В. Занковтың «Даму» ұғымына берген анықтамасы:

- A) Нақтыдан абстрактіге көшу
- B) Оқуды меңгеру
- C) Байқампаздыққа қарай ұмтылу
- D) Қысқа мерзімде жоғарғы сапаға жету
- E) Қиындықтарды шеше білу
- F) Абстрактіден нақтыға

20. Эмоцияның атқаратын қызметі:

- A) гомеостатикалық
- B) инстинктивті
- C) эмоциялық
- D) нығайтушы
- E) мазасыздық
- F) эвристикалық

21. И.П. Павловтың пайымдауы бойынша жүйке жүйесінің типтері ми қабығындағы негізгі жиынтығы:

- A) ұстамсыздық
- B) психологиялық ерекшеліктері
- C) күшті қозу
- D) қозғалғыштық
- E) тітіркендіргіштігі
- F) қозу мен тежелу алмасуы шапшаңдығы

22. Мінездің еңбек іс-әрекетіне байланысты қасиеттері:

- A) адалдық
- B) асқақтық
- C) қайырымдылық
- D) сергектік
- E) ұқыпсыздық
- F) тәккапарлық

23. С.Л. Рубинштейннің айтуы бойынша:

- A) қабілеттің көмегімен қалыптасқан іскерлік пен дағдыны жаңа жағдайға ауыстыруға болады
- B) адам табиғатын құрайды
- C) қабілеттер іс-әрекетті сәтті орындауға ықпал етеді
- D) адам қабілеті оларды басқа тіршілік иелерінен ерекшелей
- E) қабілеттер жеке адамға ғана тән қасиет
- F) адам табиғатының өзі-ол тарих өнімі

24. З. Фрейдтің сублимация түсінігі:

- A) Топтық жеңістер
- B) Спорттық жетістіктер
- C) Қақтығысқа ұмтылу
- D) Ғылыми жетістіктер
- E) Бірлікке ұмтылу
- F) Шығармашылық жетістіктер

25. Кіші мектеп жасының өзіне тән анатомиялық ерекшелігі:
- A) бала қаңқасы сүйектенуі әлі де аяқталмаған
 - B) сөздерді дұрыс айта бастайды
 - C) 6 жас пен 10-11 жас аралығын қамтиды
 - D) көру түйсігінің шоғырлануы жетіледі
 - E) жалпы бұлшық ет күші өседі

**Психология және адам дамуы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**